

«Бекітемін»

«Көкбулақ орта мектебі» ҚММ

Мектеп директоры:  А. С. Бекбаев



**Кеңес беру пункттінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Ай	Кеңес тақырыбы	Форма	Жауаптылар
Қыркүйек	1. Баланы мектепке дейінгі оқытуға бейімдеу. 2. Ата-аналардың сауалнамасы мен балалардың қарым-қатынас ерекшеліктері	Кеңес	Тәрбиеші Психолог
Қазан	1. Егер бал тыңдамаса не істеу керек? 2. Баланы сауаттылыққа үйрету	Дәріс	Психолог Тәрбиеші
Қараша	Тұмауды болдырмаудың жақсы және жаман әдеттері	Кеңес	Мейірбике
Желтоқсан	1. Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтау 2. Баланың сөйлеу қабілетін қалай дамыту керек?	Дөңгелек үстел Ұсыныс	Мейірбике Тәрбиеші
Қаңтар	1. Егер бала дұрыс тамақтанбаса 2. Дұрыс тамақтану қағидалары	Кеңес Кеңес	Психолог Мейірбике
Ақпан	Баланың дамуы мен тәрбиесі	Кеңес	Мейірбике

Наурыз	Баланың дұрыс сөйлеуі мен есте сақтау қабілеті	Кеңес	Психолог
Сәуір	Баланың дамуы және денсаулығына әсері	Кеңес	Мейірбике
Мамыр	Баланың мектепке педагогикалық және психологиялық дайындығы	Жиналыс	Тәрбиеші Мейірбике Психолог

Шағын орталық тәрбиешісі:



Б.Е.Сеңгірбева

Мектеп медбикесі:



С.Спан

Мектеп психологы:



Ж.К.Ақылбекова

«Бекітемін»

«Көкбулак орта мектебі», КММ

Мектеп директоры:  А.С.Бекбаев



**Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі**

Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жауапты маманның лауазымы	Телефон нөмерлері
Дүйсенбі	09.00-12.00	Психолог	87711677409
Сейсенбі	09.00-12.00	Медбике	87750564394
Сәрсенбі	09.00-12.00	Тәрбиеші	87782788331
Бейсенбі	09.00-12.00	Медбике	87750564394
Жұма	09.00-12.00	Психолог Тәрбиеші	87711677409 87782788331

Шағын орталық тәрбиешісі:

Б.Е.Сеңгірбаева

Мектеп медбикесі:

С.Спан

Мектеп психологы:

Ж.К.Ақылбекова

**Баланы мектепке дейінгі оқытуға, бейімдеуге ата-аналарға арналған  
кеңес**

Мектепке дейінгі кезең-баланың тұлғалық және зияткерлік дамуының іргетасы қаланатын уақыт. Бұл кезеңде дұрыс бейімдеу баланың шағын орталыққа тез үйренуіне көмектеседі.

**1. Баланың мінез-құлқы**

Мінез-құлық-баланың қоршаған ортаға, адамдарға деген қарым-қатынасы.

Мектепке дейінгі жаста байқалатын ерекшеліктер:

\*Қызығушылықтың жоғары болуы

\*Сұрақты көп қою

\*Кейде қырсықтық көрсету

\*Эмоциясын ашық білдіру

\*Ересектерге еліктеу

Бұл кезеңде бала өзін танып, Мен деген ұғымды қалыптастырады.

**2. Баланың дамуы**

Баланың дамуы бірнеше бағытта жүреді:

**Танымдық даму**

\*Түстерді, пішіндерді ажырату

\*Санау, салыстыру

\*Логикалық ойлау қалыптасу

**Сөйлеу дамуы**

\*Сөздік қордың артуы

\*Сөйлем құра білу

\*Өз ойын жеткізе алу

**Әлеуметтік даму**

\*Достарымен ойнау

\*Кезек күту

\*Ережені сақтау

### **Эмоциялық даму**

- \*Қуану,реңжу,ренішін білдіру
- \*Өзін-өзі реттеу дағдылары

### **Ата-анаға маңызды ескерту**

- \*Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз
- \*Жылысаң апайға тастап кетемін деген қорқыту сөзін қолданбаңыз
- \*Бейімделу уақыты әр балада әр түрлі

### **Ата –анаға кеңес**

- \*Баламен күн сайын сөйлесіңіз
- \*Мақтау арқылы сенімін арттырыңыз
- \*Талап пен мейірімділікті қатар ұстаныңыз
- \*Телефон уақытын шектеңіз
- \*Кітап оқуды дәстүрге айналдырыңыз

### **Қорытынды**

Баланың мінез-құлқы мен дамуы-үздіксіз процесс.Махаббат,қолдау және дұрыс бағыт беру арқылы біз баланың тұлға болып қалыптасуына көмектесеміз.

**Өткізген: Тәрбиеші Сеңгірбаева Ботакөз**



## **Егер бала тыңдамаса не істеу керек?**

**(Психологиялық дәріс)**

**Құрметті ата-аналар!**

3-6 жас аралығында бала мінезі қалыптасу кезеңі болады. Тыңдамау көбінесе еркелік емес, баланың эмоциясын жеткізе алмауы немесе назарға мұқтаждығы.

### **1.Сабыр сақтаныз**

Балаға айқайлау оның қорқынышын күшейтеді. Сабырлы үн-ең тиімді құрал.

### **2.Қысқа әрі нақты тапсырма беріңіз**

\*Неге жинамайсың?

\*Қазір ойыншықты жинаймыз

Баланың дамуы бірнеше бағытта жүреді:

#### **Сөйлеу дамуы**

\*Сөздік қордың артуы

\*Сөйлем құра білу

\*Өз ойын жеткізе алу

#### **Әлеуметтік даму**

\*Достарымен ойнау

\*Кезек күту

\*Ережені сақтау

#### **Эмоциялық даму**

\*Қуану, ренжу, ренішін білдіру

\*Өзін-өзі реттеу дағдылары

#### **Мадақтауды көбейтіңіз**

\*Жарайсың

\*Өзің істегенің маған ұнады

#### **Тұрақты ереже қойыңыз**

Үйде қарапайым ,нақты ережелер болсын.



**АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС**  
**ЖРВИ туралы қысқаша мәлімет**

**Құрметті ата-аналар!**

ЖРВИ (жедел респираторлық вирустық инфекция)-тыныс алу жолдарының вирустық ауруы. Әсіресе 3-4 жастағы балалар арасында жиі кездеседі.

**Белгілері:** мұрыннан су ағу, жөтел, дене қызуының көтерілуі, тамақтың қызаруы, әлсіздік

**Үй жағдайында не істеу керек?**

1. Балаға жылы сұйықтықты көп беру.
2. Бөлмені жиі желдету.
3. Дене қызуын бақылау.
4. Дәрігер кеңесінсіз дәрі бермеу.
5. Ауырған баланы шағын орталыққа әкелмеу.

**Міндетті түрде дәрігерге қаралыңыз, егер:**

1. Қызу 3 күннен артық сақталса
2. Бала тамақ ішпесе
3. Ентігу немесе қатты жөтел болса

**Баланың денсаулығы-ортақ жауапкершілік.**



**Балалардың тілін дамыту жолдары бойынша жұмыс жоспары**

№	Даму бағыты	Мақсаты	Жұмыс түрлері	Күтілетін нәтиже
1	Күнделікті сөйлесу ортасын қалыптастыру	Сөздік қорын молайту	Ашық сұрақтар қою, еркін әңгімелесу, жаңа сөздерді қайталау	Бала өз ойын еркін жеткізеді
2	Көркем әдебиет оқу	Байланыстырып сөйлеуді дамыту	Ертегі оқу, мазмұнын айтып беру, сурет бойынша әңгіме құрау.	Оқиғаны ретімен айта алады
3	Дидактикалық ойындар	Сөйлеу белсенділігін арттыру	«Кім жылдам?» «Артық затты тап», ойындары	Логикалық ойлау, дұрыс сөйлей білу
4	Саусақ және артикуляциялық жаттығулар	Дыбысты дұрыс айту	Саусақ және тіл жаттығулары	Дыбыстарды анық айтады
5	Рөлдік ойындар	Диалогтық сөйлеуді қалыптастыру	«Дәрігер», «Дүкенші» ойындарын ойнату.	Сұрақ-жауап арқылы сөйлесе алды
6	Монолог дамыту	Өз ойын жүйелі айту	Күн тәртібі бойынша әңгіме, қысқа мәтін құрастыру	Тиянақты әңгіме құрауға үйрету
7	Ата-анамен жұмыс	Үздіксіз қолдау, ұйымдастыру	Үйде кітап оқыту, экран уақытын шектеу	Үй мен мектеп байланысы нығаяды

Шағын орталық тәрбиешісі:



Б.Е. Сеңгірбаева



**Шағын орталық тобының ақпан айына арналған ата-аналарына «Тәрбие отбасынан басталады» атты кеңес**

**Ата-аналарға кеңес**

Бала тәрбиесінің негізі-отбасы. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Бала-адамның бауыр еті». Сондықтан әр ата-ана баласына мейірім мен дұрыс бағыт беру маңызды.

**1. Үлгі болыңыз**

Бала айтқанды емес, көргенді істейді.

\*Үлкенге құрмет көрсетсеңіз-балада сыйлайды.

\*Әдепті сөйлеңіз-балада мәдениетті болады.

**2. Мейірім мен махаббат беріңіз**

\*Баланы жиі құшақтаңыз

\*Бүгін не үйрендің деп сұраңыз

\*Жетістігін мақтап, қолдау көрсетіңіз

**3. Баламен сөйлесіңіз**

\*Күн сайын уақыт бөліңіз

\*Жылы сөз айтыңыз

\*Ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беріңіз

**4. Тәртіп пен жауапкершілікке үйретіңіз**

\*Күн тәртібін сақтауды қадағалаңыз

\*Өз затын жинауға дағдыландырыңыз

\*Үйде шағын міндеттер жүктеңіз

**5. Шағын орталықпен тығыз байланыста болыңыз**

\*Тәрбиешімен үнемі байланыс жасаңыз

\*Баланың жетістігі мен қиындықтарын бірге талқылаңыз

**Есте сақтаңыз:** Бала-ата-ананың айнасы. Отбасындағы жылулық, сыйластық п баланың жарқын болашағының кепілі.



## **Шағын орталық тобының гигиена, күн тәртібі туралы кеңес**

### **Мақсаты:**

Балалардың денсаулығын сақтау, тазалық дағдыларын қалыптастыру және дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру.

### **1. Гигиена талаптары**

#### **Жеке бас гигиенасы**

1. Қолды сабынмен жуу
2. Тырнақты уақытында алу
3. Киімнің таза болуы

#### **Ауыз қуыс гигиенасы**

1. Таңертең және кешке тіс тазалау
2. Жеке тіс щеткасын қолдану

### **2. Күн тәртібі**

1. 09:00 Балаларды қабылдау
2. 09:30 Таңғы жаттығу
3. 10:00 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті
4. 11:00 Серуен
5. 12:00 Еркін ойын, ата-аналады қарсы алу

#### **Ата – анаға ұсыныс**

- \*Үйде тәртіп сақтау
- \*Баланы тазалыққа дағдыландыру
- \*Дұрыс тамақтануын қадағалау
- \*Телефон уақытын шектеу

### **Қорытынды**

Гигиена мен дұрыс күн тәртібі – баланың денсаулығы мен дамуының кепілі. Тазалық пен тәртіпке ерте үйрету – болашақта жақсы әдеттердің қалыптасуына негіз болады.





50 Lite SG |



26mm f/1.79 1/108s

28.01.202